

## Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық хабардарлығын арттыру, экономикалық бағдарламаларды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін көтеру әрі заңдылықты, құқықтық тәртіпті, реттілікті нығайту мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 ақпандағы N 1569 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын (негізгі бағыттар) орындау үшін қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы жалпыға бірдей құқықтық оқу туралы ереже, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің жалпыға бірдей құқықтық оқуын ұйымдастыру туралы ереже, Атқарушы өкімет органдары мен олардың қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің басшы кадрлары мен мамандарын құқықтық аттестациялау туралы ереже және Қазақстан Республикасында оқушы жастарды құқықтық оқыту тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыруға жалпы басшылық пен бақылау жасау Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен жергілікті әкімдерге жүктелсін.

3. Жалпыға бірдей құқықтық оқуға әдістемелік басшылық жасау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:  
мемлекеттік органдардың, ғылыми мекемелердің үлгілік оқу бағдарламаларын, оқулықтар, оқу-көрнекі және әдістемелік құралдар дайындау жөніндегі жұмыстың үйлестірілуін жүзеге асырады;

жалпыға бірдей құқықтық оқудың барлық буындарына нормативтік-анықтамалық материалдар мен көпшілікке арналған заң әдебиетін, оқулықтар, оқу құралдарын және плакаттер шығаруды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының министрліктерінде, мемлекеттік комитеттерінде, ведомстволарында, жергілікті әкімдердің аппараттарында жалпыға бірдей

құқықтық оқуды ұйымдастыру, жөніндегі жұмыстың жай-күйін зерделейді, оны жақсарту бойынша ұсыныс әзірлейді деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі мерзімді басылымдарда қолданылып жүрген заңдар мен құқық қолдану практикасын түсіндіретін айдарлар ашатын болсын.

5. "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы құқық органдарымен бірлесіп Қазақстан Республикасының халқын құқықтық оқуы жөнінде арнаулы хабарлар ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1995 жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасында халықтың жалпыға бірдей құқықтық оқуы бағдарламасының жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

7. Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебінің негізінде Жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың басшы қызметкерлерін құқықтық даярлау мен қайта даярлау орталығы құрылсын.

8. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті: министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың басшы қызметкерлерін, облыс әкімдерін, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлім меңгерушілерін аттестациядан өткізуге аттестациялау комиссиясын құрсын;  
аттестациялауға жататын қызметкерлер лауазымының жалпы тізбесін анықтасын.

9. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, жергілікті әкімдер:

1995 жылғы 1 шілдеге дейін тұрақты жұмыс істейтін құқықтық білім беру мектептерін құрсын;

1995 жылғы 1 қарашаға дейін атқарушы өкімет органдары мен олардың қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың қызметкерлерін аттестациялауға арналған аттестациялау комиссияларын құрсын;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, жергілікті әкімдер мен қарамағындағы ұйымдар аппаратының басшыларын, мамандарын және басқа қызметкерлерін ұдайы құқықтық оқытуды қамтамасыз етсін.

10. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі және "Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданылатын басқа да әскери құрамалар, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы Салық полициясының басқармасы, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының

Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің жалпыға бірдей құқықтық оқуын ұйымдастыру туралы ережеге сәйкес әскери қызметшілерді, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, сондай-ақ басқа да қызметкерлерді құқықтық оқытуды қамтамасыз етсін.

11. Қызметкерлерді құқықтық оқыту жөніндегі шығындарды министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, әкімдер, кәсіпорындар, мекемелер өз қаражатының есебінен жүргізеді деп белгіленсін.

12. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, Білім министрлігі басқа да мүдделі органдармен бірлесіп милиция органдарында есепте тұрған, тәрбиелеу мекемелерінде жазасын өтеп жүрген кәмелетке толмаған адамдарды құқықтық оқытуды ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдансын.

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы және Білім министрлігі құқықтық сана мен құқықтық тәрбиені қалыптастырудың өзекті мәселелері бойынша мақсаткерлік зерттеулер жүргізісін.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Білім министрлігіне және Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебіне жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі оқу-әдістемелік жұмысты қамтамасыз ету үшін нысаналы мақсатпен қажетті қаражат бөлсін.

15. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Үкіметтің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулымен сәйкестендіретін болсын.

## *Қазақстан Республикасының*

### *Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің

1995 жылғы 21 маусымдағы

№ 2347 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасындағы жалпыға бірдей  
құқықтық білім беру туралы  
ЕРЕЖЕ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Жалпыға бірдей құқықтық оқу - бұл бұқаралық құқықтық насихат пен азаматтарға құқықтық тәрбие беру жүйесі.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды жүргізудің мақсатын, принциптері мен тәртібін айқындайды.

3. Жалпыға бірдей құқықтық оқудың мақсаты - азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру және заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру.

4. Жалпыға бірдей құқықтық оқудың принциптері:

х а л ы қ т ы            ж а п п а й            қ а м т у ;  
ж ү й е л і л і к ;  
ү з д і к с і з д і к ;

құқықтық білім алуға мүдделілік және оны алу мүмкіндігін жүзеге асыруды қамтамасыз етудегі мемлекеттің міндеті;

дербестік (түрлі санаттағы азаматтардың жасын, кәсібін және басқа да ерекшеліктерін ескеру) болып табылады.

## **II. Жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру**

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Білім министрлігі мен Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі құқықтық оқу жөнінде ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, құралдар, құқықтық оқудың тақырыптық жоспарлары мен бағдарламаларын түрлі санаттағы азаматтардың жасын, кәсібін және басқа ерекшеліктерін ескере отырып әзірлеуді қамтамасыз етеді.

6. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, жергілікті әкімдердің жанынан құқықтық білім беру мектептері құрылады, оларда осы органдар аппараттарының қызметкерлері, оларға бағынысты кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары мен басқа да қызметкерлері оқиды.

7. Жалпыға бірдей құқықтық ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, жергілікті әкімдердің аппараттары заң қызметінің қызметкерлері белсене қатысады.

8. Қазақстан Республикасының облыстарында, қалалары мен аудандарында базалық кәсіпорындар, мектептер, училищелер, техникумдар, кітапханалар, клубтар айқындалады, құқықтық тақырыптарға арналған бұрыштар мен стенділер ұйымдастырылады.

9. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар басшы кадрлар мен мамандарды құқықтық аттестациялау туралы бұйрықтар, ал әкімдер болса, қаулылар шығарады, аттестациялауға жататын қызметкерлер лауазымының тізбесін айқындайды, лауазымдық міндеттердің сипаты мен ерекшеліктері ескеріле отырып және аттестацияланушы адамдардың лауазымдық жағдайына орай түзілген, аттестацияланушыға қажетті құқықтық мәселелердің тізбесін әзірлейді.

10. Жалпыға бірдей құқықтық оқудың ұйымдастырылуына жалпы басшылық пен бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мен жергілікті әкімдер, ал әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен әділет басқармалары (бөлімдері) жүзеге асырады.

## **III. Жалпыға бірдей құқықтық оқуды жүргізу тәртібі**

11. Жалпыға бірдей құқықтық оқу басшыларды, мамандарды мынадай топтар бойынша құқықтық оқытуды көздейді:

**бірінші топ** - министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, облыстық әкімшіліктер мен өкілді органдардың басшылары.

Құрамды айқындау, оқу-тақырыптық жоспар мен бағдарлама әзірлеу, тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты мен Ұлттық жоғары мемлекеттік басқару мектебіне жүктеледі:

**екінші топ** - министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, облыстардағы аумақтық органдарының басшы қызметкерлері, қалалық, аудандық және ауылдық әкімшіліктердің басшылары, облыстық Мәслихаттар - Депутаттар жиналысының депутаттары, облыстық және қалалық әкімдер аппараттарының қызметкерлері.

Құрамды айқындауды, оқу-тақырыптық жоспар әзірлеуді тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз етуді облыстық (қалалық) әділет басқармаларымен бірлесіп атқару облыстардың әкімдеріне жүктеледі;

**үшінші топ** - аудандардағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшылары, мамандары, аудандық және ауылдық әкімдер аппаратының, аудандық өкілетті органдардың қызметкерлері, қалалық және аудандық Мәслихаттар - Депутаттар жиналысының депутаттары.

Құрамды айқындау, оқу-тақырыптық жоспар мен бағдарлама әзірлеу, тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз ету аудандардың әкімдеріне жүктеледі.

Ескертпе. Аудандардың әкімдері қажет болған жағдайда сабақты мынадай екі топта жүргізу туралы шешім қабылдай алады:

- а) өнеркәсіп орындарының, ұйымдарының басшылары үшін;
- б) ауылшаруашылық кәсіпорындарының басшылары үшін.

Оқу-тақырыптық жоспар екі нұсқада дайындалуға тиіс;

**төртінші топ** - құрылымдық бөлімшелердің басшылары, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар аппаратының мамандары.

Құрамды айқындау, оқу-тақырыптық жоспар мен бағдарлама әзірлеу, тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз ету министрлерге және мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың басшыларына жүктеледі;

**бесінші топ** - кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің лауазымды адамдары, жұмысшылар мен қызметшілері.

Құрамды айқындау, оқу-тақырыптық жоспар мен бағдарлама әзірлеу, тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз ету кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшыларына жүктеледі;

**алтыншы топ** - Қарулы Күштердегі әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлер, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, салық полициясы органдары, кеден органдары мен Республикалық ұлан жүйесінің қатардағы және басшы құрамы

және басқа адамдары.

Құрамды айқындау, оқу-тақырыптық жоспар мен бағдарлама әзірлеу, тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз ету тиісті министрліктер мен ведомстволардың, әскери бөлімдер мен басқа да ұйымдардың бірінші басшыларына жүктеледі;

**жетінші топ** - газет, журнал редакцияларының, радио мен теледидардың журналистері.

Құрамды айқындау, оқу-тақырыптық жоспар мен бағдарлама әзірлеу, тыңдаушылардың келуі мен сабақтың жүргізілуін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі мен баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында заңдарды сақтау жөніндегі облыстық инспекцияларға жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің

1995 жылғы 21 маусымдағы

№ 2347 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштердің әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің жалпыға бірдей құқықтық оқуын ұйымдастыру туралы ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі жалпыға бірдей құқықтық оқуды жүргізудің мазмұнын, жүйесі мен нысанын, оны ұйымдастыру жөніндегі лауазымды адамдардың, тәрбие беру құрылымдарының міндеттері мен міндеттіліктерін айқындайды.

2. Осы Ережені ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, салық полициясы мен кеден органдары, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданылатын басқа да әскери құрамалар мен олардың оқу орындары қолданады.

3. Жалпыға бірдей құқықтық оқудың негізгі мазмұны жоғары құқықтық санаға тәрбиелеу, Қазақстан Республикасының заңдарын, әскери жарғыларды, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері басшылығының бұйрықтары мен директиваларын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әрбір әскери қызметшінің, азаматтық қызметкерлердің қатаң және мүлтіксіз орындауы жөніндегі құқықтық білімді сенімге және практикалық іс-қимылға айналдыруды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Жалпыға бірдей құқықтық оқу Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің барлық санаттарына кешенді тәрбие берудің құрамдас бөлігі, оларды оқытудың міндетті нысаны болып табылады.

5. Жалпыға бірдей құқықтық оқуды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері басшылығының бұйрығына сәйкес әрбір оқу жылына арналып бекітілген тақырыптық және оқу жоспарларына орай жергілікті атқарушы органдармен, азаматтық және әскери бөлімшелермен, заң қызметтерімен тығыз іс-қимыл жасай отырып Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері орталық аппаратының басқармаларында, бөлімдерінде, аумақтық органдарында, бірлестіктерінде, құрамаларында, әскери бөлімшелерінде, мекемелері мен кәсіпорындарында әскери басқарма органдары, тәрбие жұмысы жөніндегі органдар ұйымдастырады.

6. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің жалпыға бірдей құқықтық оқуы мынадай ж о л д а р м е н :

а) офицерлік құрамның командирлік дайындық жүйесінде құқықтық мәселелерді бір жылға арналған 40 сағаттық бағдарлама бойынша о қ ы т ы п - ү й р е т у ;

б) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери қызметшілердің қоғамдық-гуманитарлық дайындық және әлеуметтік-құқықтық білім беру процесінде құқықтық және заңдылық, азаматтық қызметкерлердің экономикалық о қ у ы мәселелерін о қ ы т ы п - ү й р е т у ;

в) құқықтық ақпараттар өткізу;

г) Қазақстан Республикасы заңдарын оқытып-үйрету және оны іс жүзінде қолдану жөніндегі әрбір әскери қызметшінің, азаматтық қызметкерлердің жүйелі жеке жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Оқу жоспары әзірлегеннен кейін әрбір әскери қызметшіге төрт баллдық жүйе бойынша баға қойылатын бақылау сабағы өткізіледі. Офицерлердің құқықтық дайындығының деңгейі кәсіби әзірлік пен аттестациялаудың есепке алу парақтарында көрсетіледі, ол кезекті әскери атақ беру кезінде, жоғары лауазымға ұсынар кезде ескеріледі.

7. Жалпыға бірдей құқықтық оқу:

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі жеке құрамға және азаматтық қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен басқа да құқықтық және нормативтік актілерінің талаптарын, әскери антты, әскери жарғыларды, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері басшылығының бұйрықтары мен директиваларын дер кезінде жеткізу;

бөлімдер мен бөлімшелерде әскери тәртіпті нығайтудың және тиісті құқықтық тәртіпті ұстаудың, әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлерге, олардың отбасы мүшелеріне қатысты әлеуметтік әділеттілік принциптерін нығайтудың маңызды шарты ретінде әскери қызметшілерге, азаматтық қызметкерлерге әскерлердің өмірін, тұрмысы мен қызметін реттейтін құқықтық ұйғарымдарды сөзсіз орындау қажеттігін түсіндіру;

әскери қызметшілердің құқықтық оқуын жүзеге асыру, құқықтық мәдениетін, заңдық хабардарлығы мен заң актілері, оларды бұзғандығы үшін жүктелетін жауапкершілік шаралары жөніндегі білімін арттыру;

командирлердің (бастықтардың), тәрбиеші-офицерлердің теориялық білімдерін көтеру, бағынысты бөлімдер мен мекемелерде оларды құқықтық-тәрбиелік практикаға, әскери құқықтық тәртіпке қол сұғатындарға заңды дұрыс қолдана білуге оқыту;

Қарулы Күштердегі жеке құрамды, азаматтық құрамды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданылып жүрген заңдарын құрметтеу, оларды күнделікті өмірде және қызметте қатаң сақтауға әзірлік сезімін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі құқық бұзушылықтың алдын алу, әскери қызметшілермен және азаматтық қызметкерлермен жеке жұмыс жүргізу жөніндегі шараларды жүзеге асыруда командирлерге (бастықтарға), тәрбие беру органдарына құқықтық тәрбиені ұйымдастыруға көмек көрсету міндеттерін шешеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің  
1995 жылғы 21 маусымдағы  
N 2347 қаулысымен

Бекітілген

**Атқарушы өкімет органдары мен олардың қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің басшы кадрлары мен мамандарын құқықтық аттестациялау туралы ЕРЕЖЕ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Атқарушы өкімет органдары мен олардың қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің басшы кадрлары мен мамандарын құқықтық аттестациялау құқықтық мәдениетті, іскерлік біліктілікті және тапсырылған іске жауапкершілікті көтеру, саяси, экономикалық, әлеуметтік бағдарламаларды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру, құқықтық тәртіп пен реттілікті нығайту мақсатында жүргізіледі.

## **II. Аттестация жүргізуге дайындық**

2. Аттестациялауға: министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, республикалық ведомстволардың басшылары мен олардың орынбасарлары, Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлім меңгерушілері мен олардың орынбасарлары, жергілікті әкімдер мен олардың орынбасарлары, мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің



басшылары, мемлекеттік органдардың бас және жетекші мамандары мен басқа да лауазымды адамдары жатады. Атқарып отырған қызметінде бір жылдан аспайтын уақыт жұмыс істеген адамдар аттестациялауға жатпайды.

3. Аттестациялау кезең-кезеңімен үш-бес жылда бір рет, қызметке жаңа тағайындалған басшыларды аттестациялау қызметке тағайындалғаннан кейін бір жыл өткен соң жүргізіледі.

Аттестациялау жүргізудің мерзімдерін, кестесін:

а) министрліктердің: мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшы қызметкерлері, облыс әкімдері және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлім меңгерушілері мен олардың орынбасарлары үшін - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті;

б) өзінің аумақтық органдары мен қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің басшылары, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар аппаратының лауазымды адамдары үшін - министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар;

в) қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, төменгі әкімшіліктердің басшы қызметкерлері, тиісті жергілікті әкімшіліктер аппаратының қызметкерлері үшін - әкімдер;

г) өз аппаратының қызметкерлері үшін - министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың аумақтық органдарының басшылары;

д) құрылымдық бөлімшелердің басшы кадрлары үшін - кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің басшылары анықтайды.

4. Аттестациялау комиссиялары:

а) Министрлер Кабинетінің жанында - Премьер-министрдің өкімімен;

б) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың жанында - олардың басшыларының бұйрығымен;

в) жергілікті әкімдердің жанында - әкімдердің қаулысымен;

г) министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың аумақтық органдарының жанында - олардың басшыларының бұйрығымен;

д) кәсіпорындардың, мекемелердің жанында - олардың басшыларының бұйрығымен құрылады.

Аттестациялау комиссияларының құрамына құқық қорғау органдарының, әділет мекемелері мен басқа да мемлекеттік органдардың білікті заңгерлері енгізіледі.

### **III. Аттестация жүргізудің тәртібі**

5. Аттестациялаудың күні мен уақыты туралы аттестацияланатын адам күні бұрын аттестация жүргізуден бір айдан кешіктірілмей хабардар етіледі.

6. Аттестациялау комиссиясының мәжілісі хаттамамен ресімделеді. Аттестациялау нәтижелері бойынша аттестациялау комиссиясы 2 дана етіп

аттестациялау парағын (қоса беріліп отыр) толтырады, онда аттестацияланушы адам басқарып отырған ведомстводағы, ұжымдағы заңдылық пен тәртіптің жай-күйі, алдына қойылған міндеттерді қамтамасыз етудегі құқықтық құралдарды қолданудың тиімділігі, тікелей өзінің заңға қатысты атқарушылық және тәртіптік өнегесі ескеріле отырып, оның құқықтық білімінің бағасы көрсетіледі.

7. Комиссияда басшы кадрлар мен мамандардың жұмыс ерекшелігіне қарай аттестациядан өткізу үшін құқық мәселелерінің үлгі тізбесі болуға тиіс.

8. Осы деректердің және аттестациялау кезінде байқалған құқық туралы білімінің негізінде аттестациялау комиссиясы аттестацияланып отырған басшының қызметіне мына бағалардың бірін береді:

а) заңдарды қанағаттанарлық дәрежеде байыптай алады, құқықтық білім деңгейі бойынша атқарып отырған лауазымына сай келеді;

б) заңдарды нашар білетіндігін көрсетті, қайта аттестациялауға жатады (мұндай жағдайда қайта аттестациялау алты ай ішінде жүргізілуге тиіс).

Аттестацияланып отырған адамның құқықтық білімінің бағасын аттестациялау комиссиясы дауыс беру арқылы шығарады. Дауыс беру нәтижесі көпшілік дауыспен анықталады және комиссия мәжілісінің хаттамасына жазылады. Аттестация жүргізуге және дауыс беруге аттестациялау комиссиясы мүшелері санының кем дегенде 2/3-і қатысуға тиіс. Аттестациялау нәтижелері туралы комиссия аттестацияланған қызметкерлерге, олар жұмыс істейтін ұжымға және олар бағынатын немесе есеп беретін жоғары тұрған органға хабарлайды. Аттестациялау парағы қызметкердің жеке іс-қағазында сақталады.

Қызметкерді кезекті аттестациялау кезінде аттестациялау комиссиясына алдыңғы аттестациялау парағы табыс етіледі. Қызмет жағынан жоғарылату кезінде қызметкердің құқықтық білімінің деңгейін ескеру қажет.

**Басшы кадрлар мен мамандарды  
құқықтық аттестациялау жөніндегі**

### **АТТЕСТАЦИЯЛАУ ПАРАҒЫ**

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_ ұлты \_\_\_\_\_

Білімі \_\_\_\_\_

Мамандығы \_\_\_\_\_

Аттестациялау сәтіндегі лауазымы және қызметке тағайындалған күні \_\_\_\_\_

Атқарушы өкімет органдарындағы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(олардың қарамағындағы кәсіпорындардағы, мекемелердегі)  
жұмысының жалпы стажы \_\_\_\_\_

-----  
Аттестациялау комиссиясының ұсыныстары (жекелеген құқық мәселелерін қосымша зерделеу, басқарып отырған ұжымдағы заңдылық пен құқық тәртібін нығайту проблемаларына көңіл бөлуді күшейту және т.б.)

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасының \_\_\_\_\_

орынбасары \_\_\_\_\_

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

Аттестациялау күні \_\_\_\_\_

Аттестациялау парағымен \_\_\_\_\_

таныстым \_\_\_\_\_

Аттестацияланушы адамның  
қолы және өткен күні

Аттестациялау парағы бағыныстылығы  
бойынша жоғары тұрған органға  
(лауазымды адамға) жіберілді

(органның атауы, күні) \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Президентінің

1995 жылғы 21 маусымдағы

№ 2347 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасында оқушы**

**жастарды құқықтық оқыту**

**ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қоғамымызды одан әрі демократияландыру, құқықтық мемлекет құру ісі құқықтық оқыту мен тәрбиені жетілдіру, халықтың барлық топтарын және ең алдымен оқушы жастарды қамтитын, оларды оқытудың барлық кезеңінде үздіксіз құқықтық даярлау тұрғысында жалпыға бірдей заң білімін беруді ұйымдастыру жөнінде

кезек күттірмейтін және пәрменді шараларды талап етеді.

Оқушы жастарды құқықтық оқытудың басты міндеті құқықтық тәрбиенің бүкіл кешенін биік құқықтық сана мен заңды қастерлеу дәстүрін қалыптастыруға ж ұ м ы л д ы р у д а б о л ы п о т ы р .

Тұжырымдаманың мақсаты - құқықтық мәдениет негіздерін қалау.

### **Құқықтық оқыту проблемалары мен жолдары**

Орта және жоғары мектепте құқықтық оқыту мен тәрбиенің осы таңда қалыптасқан деңгейі мен ұйымдастырылуы бүгінгі кезең талаптарына сай келмейді. Құқықтық мемлекет құру жағдайында жастар арасындағы қылмыстық ахуал мен орта және жоғары оқу орындарында құқықтық оқытудың төмен деңгейі алаңдаушылық туғызбай қоймайды. Оқушылар оқу бағдарламаларына сәйкес құқық негіздерімен тек 9 сыныпта таныса бастайды да, оны 32-34 сағат көлемінде бір жыл оқиды.

Құқықты жоғары сыныптарда зерделеу тым кеш болады, өйткені құқықтық сана негіздері, тұлғаны қалыптастырудың іргетасы едәуір ертерек қалануға тиіс. Кәмелетке толмағандардың ауыр қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілігі 14 жастан басталатындығын да ескеру қажет. Сондықтан мектеп оқушылары осы жаста-ақ белгілі бір мөлшерде құқықтық білім алуға тиісті.

Құқықтың негізгі принциптері адамгершілік қасиеттермен байланысты екенін ескере отырып, мектепте дейінгі тәрбие мекемелерінде балаларға қоғамдық нормалар "әліппесін" оқыту қажет.

Оның үстіне бүгінгі таңда орта және жоғары мектеп арасында құқықтық білімді арттыру мен тереңдету ісінде айқын өзара байланыс пен сабақтастық жоқ, жастардың түрлі санаттарын құқықтық даярлаудың көлемі мен практикалық бағыт-бағдары жеткіліксіз, құқықтың тәрбиелік-алдын алу әлеуетін пайдалануға деңгейі төмен болып отыр.

Оқушы жастарды құқықтық оқытудың бүкіл жүйесін түбірлі қайта құру ұ с ы н ы л а д ы .

Балабақшадағы тәрбие мен оқыту бағдарламасында адамгершілік-құқықтық тәрбие жөнінде бөлім қарастыру ұсынылады.

Балабақшада адамгершілік-құқықтық тәрбие берудің мақсаты сәби тұлғасының моральдық-құқықтық қасиеттерінің негіздерін, оның ілкі құқықтық түсініктері мен сезімдерін, құлықтық ұстанымдарын қалыптастыру, мектеп жасында ойдағыдай құқықтық тәрбие алуының негізін даярлау, ата-аналардың мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндерді құқықтық тәрбие беруге әзірлеу, отбасының құқықтық мәдениетін көтеру болып табылады.

Құқықтық тәрбие берудің мектептегі кезеңінің басталуымен адамның қоғамдағы мінез-құлық тәртібін ұғынуы, қарапайым құқықтық білімі мен

машықтары тереңдеп, жүйелілігі артады. Оларды қалыптастыру - мектеп оқушыларының жасына сай мүмкіндіктерін, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу ерекшеліктерін ұғыну қисынын, тұлғаның құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін ескере отырып, бастаушы мектепке тән адамгершілік-құқықтық тәрбие берудің түрлі нысандарының міндеті. Құқықтық материалды игеру қисынының курс материалымен ("Айналадағы әлеммен танысу", I-IV сыныптар) едәуір сәйкесетіндігі осыдан.

Орталау мектепте (V-VIII сыныптар) құқықтық тәрбие беру мен оқыту сапалық жаңа деңгейімен сипатталады, құқықтық білімді игеруде, адамның қоғамдағы мінез-құлық тәртібін түсінуде едәуір жүйелілікке ие бола түседі, тікелей өмір ахуалдарында заң тұрғысындағы сауаттылық пен құқықтық білімнің рөлі арта түседі. Бұл деңгей, ең алдымен, бітіруші (XI) сыныпта "Құқық негіздері" дербес курсы (бұл курсты "Азаматтардың конституциялық құқықтары мен міндеттері" деп атау туралы ұсыныстар енгізілуде) зерделеу мен қамтамасыз етіледі. Курс Қазақстан Республикасының Конституциясын, азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін, заң жүзіндегі жауапкершілік, заңдылық пен құқық тәртібі мәселелерін, ең алдымен тұлғаның табанды адамгершілік-құқықтық қасиеттерін, оның әлеуметтік әділеттік, адамның шынайы азаматтығы туралы түсініктерін қалыптастыруға жәрдемдесетін басқа да тақырыптарды зерделеуді көздейді.

Курстың мазмұны көп жағдайда 14 жастан бастап заң бойынша тұлғаның құқықтық жағдайында елеулі өзгерістер болатындығымен байланысты. Кәмелетке толмағандардың жұмысқа қабылдануы ықтимал, 14 жастан бастап ішінара, ал 16 жастан бастап толық әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік басталады, азамат паспорт алады, мүліктік, тұрғын үй және өзге де әлеуметтік қатынастар саласында оның азаматтық-құқықтық жағдайы өзгереді. Заңда белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың некеге тіркелу жасы кемітілуі мүмкін.

Жалпы білім беретін мектепте (X-XI сыныптар) жұмыстың құқықтық мәселелер жөніндегі үйірмелері, клубтары, оқушылардың ғылыми қоғамдары, оқырмандар мен көрермендер конференциялары, олимпиадалар тәрізі нысандарын көздеген жөн.

Жалпы білім беретін орта мектепте (X-XI сыныптар), кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта оқу орындарында құқықтық даярлық "Құқық негіздері" курсымен қамтамасыз етіледі. Оқушылардың білім берудің осы сатысындағы түсініктері өмірдегі шынайы ахуалдарды толығырақ бейнелеуге тиіс. Орта білім берудің әрбір түріне қарай курс оқу орнының кәсіптік бағыт-бағдарын ескере отырып сараланады. Кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдарда курс оқушылардың 9 және 11 жылдық базалық даярлығын

ескеруге тиіс. Арнаулы орта оқу орындарында толықтығы мен мазмұндылығы жағынан курс едәуір дәрежеде жоғары оқу орнының құқықтық проблематикасына жақындауға тиіс.

Білім берудің осы кезеңінің басты мақсаты оқушыларды келешек еңбек қызметі үшін қажетті құқықтық біліммен және машықтармен қаруландыру болып табылады. Бұл міндетті шешу заңдарды өндірістік әрі қызмет бабындағы іс-әрекетінде, сондай-ақ басқа жағдайларда да іс жүзінде қолдана білудің жеткілікті машықтарына баулумен байланысты. Бұған негізінен оқушылардың құқықтық санасына ықпал жасаудың қисындық-ұғымдық құралдарымен, біріншіден, құқық салалары мен институттарын қайткенде де барлық азаматтар қатысатын әдеттегі, қалыпты, неғұрлым кең тараған қатынастарды реттейтін заң нормаларының мейлінше нақты, практикалық мәні бар нұсқамаларын меңгеру жолымен; екіншіден, тиісті кәсіби қызметті реттейтін құқықтық нормаларды меңгеру жолымен жетуге болады.

Заң бойынша жастардың осы тобының мәртебесі елеулі өзгерістерге ұшырайды. 18 жастан кәмелеттік кезеңі басталады. Жастардың сайлау және сайлану, өз мүлкіне толық дербес иелік ету, неке қатынастарына тұру, қалыпты еңбек қызметімен айналысқан кезде тиісті материалдық жауапкершілік құқығы п а й д а б о л а д ы .

Жоғары мектеп құқықтық білім беруден күрделі шаруашылық және әлеуметтік мәселелерді шығармашылықпен шешуге, құқықтық тұрғыда өндіріс пен ғылыми-техникалық прогрестің сауатты ұйымдастырушысы, әрі еңбек ұжымының басшысы болуға қабілетті маманның жан-жақты дүниетанымы мен дамыған құқықтық мәдениетін қалыптастыруды талап етеді. Мұндай маманның құқықтық білімі байсалды теориялық негізге және әлеуметтік дамудың тарихи заңдылықтарын түсінуге негізделуге, оның құқықтық мемлекеттік жалпы саясатында, сондай-ақ жеке, нақты құқықтық ахуалдарда да дұрыс бағдар ұстануына мүмкіндік беруге тиіс. Бұл міндеттер мемлекеттік және қоғамдық өмірдің аса маңызды құқықтық аспектілерін ғылыми-теориялық зерделеу, оларды қолданылып жүрген құқық тәртібіне орай құқық нормаларын іске асыру тұрғысынан бағалау, осы құқық тәртібінде заңдылықты нығайтуға өзінің тікелей қатысуы процесінде шешіледі. Маманды жоғары оқу орнында құқықтық даярлау деңгейіне қойылатын талап оның тиісті кәсіптік қызметті (оның басқару аспектілерін қоса) реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын жеткілікті түрде толық меңгеруі, мұндай нормаларды іс жүзінде пайдалана білудің белгілі машықтарына баулу, оларды қолдануға "жаттығу" болып табылады. Жоғары оқу орнындағы даярлықта, сондай-ақ халықаралық-құқықтық аспектілер де орын а л у ғ а т и і с .

Жоғары оқу орнындағы құқық курсы осы талаптардың бәріне сай келуге тиіс.

Жоғарғы оқу орындарында құқықтық материалды неғұрлым терең игеру және нақтылай түсу үшін: "Мамандандырудың құқықтық мәселелері және оның неғұрлым көкейкесті проблемалары", "Ғылыми-техникалық процесті құқықтық қамтамасыз ету" және т.б. арнаулы курстар көзделгені жөн. Курс тек лекциялық дәрістерден тұрмауға тиіс, ол міндетті түрде семинарлар мен практикалық сабақтар болуын көздеуге, компьютерлер мен бейнетехниканы қолдана отырып "іскер ойындар" нысанында, студенттермен жеке жүргізілетін жұмыстың сан алуан нысандарында жүзеге асырылуға тиіс. Студенттердің құқықтық курстар проблематикасы бойынша курс жұмысын жазу мүмкіндігі болуға тиіс.

Студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың сөзсіз шарты олардың аудиториядан тыс тиісті сабақтарға қатысуы, өздігінен білім алуы және әлеуметтік-құқықтық белсенділіктің өзге де нысандары болып табылады.

Заң оқу орындарынан басқаларының бәрінде құқықты оқытудың тұтастығы мен толықтығы оқу пәнінің дербес курстарымен қамтамасыз етіледі. Бұл пәнді - "Құқық негіздері" деп атау ұсынылады.

Аталған пән біртұтас үш мақсатты:

адамның биік азаматтығын, оның жалпы құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруды;

таңдаған еңбек қызметіне даярлық барысында оқушы жастардың арнаулы құқықтық білім алуын;

құқық бұзушылықтың дер кезінде алдын алуды көздейді.

Құқықтық әзірліктің деңгейі жастарға үздіксіз білім берудің мынадай негізгі кезеңдеріне сәйкес келеді:

бастаушы деңгей (мектепке дейінгі кез, жалпы білім беретін мектептердің бастаушы сыныптары);

орта деңгей (орталау мектеп, жалпы білім беретін орта мектеп, кәсіптік-техникалық училищелер, арнаулы орта оқу орындары);

жоғары деңгей (жоғары заң оқу орындарынан басқалары, университеттердің заң факультеттерінен басқалары).

Бұл ретте жоғары оқу орнындағы құқықтық даярлау мамандарды салалық мамандық жетілдіру институттары, құқық мектептері және т.б. арқылы әрі қарай жүйелі түрде құқықтық қайта даярлаумен нығайтылады.

Құқықтық педагогиканың жалпы теориясында бекіген ережеге сәйкес жастарды құқықтық оқытудың түпкі мақсаты заңды саналы түрде қастерлеуді және оны өмір тәжірибесінде белсенді пайдалана білуді қалыптастыру болып табылады. Бұл білім беру: жағдай туғызу (оқушылардың жас ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен өмір тәжірибесін ескере отырып); сабақтастық; жүйелілік; практикалық маңыздылық принциптеріне құрылуға тиіс. Құқықтық оқыту барысында шартты түрде істің негізгі екі жағы ерекшеленеді:

- 1) жалпы азаматтық құқықтық білім мен білікті меңгеру;
- 2) кәсіби қызметімен байланысты құқықтық құралдарды меңгеру.

Бірінші кезектегі міндеттер негізінен жалпы білім беретін мектепте, екіншісі - кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында шешіледі.

Алайда бірінші жағы негізгісі және екіншісінің дүниетанымдық іргетасы болып қала береді, ол адамның есею барысына, білімділігі мен әлеуметтенуіне қарай мейлінше терең мазмұнмен және кез келген құқықтық ахуалды жеке негіздей білуімен толығып отырады.

Маманның құқықтық білімін тереңдету мен жаңғыртудың қорытындылаушы және сонымен бірге ұдайы жүргізілетін кезеңі оны салалық институттар мен біліктілігін жетілдірудің басқа да нысандары арқылы үнемі құқықтық қайта даярлап отыру болып табылады.

Заң оқу орындарынан басқаларында оқушы жастарды құқықтық даярлаудың беріліп отырған Тұжырымдамасының барлық буындарда құқықтық және педагогтік жағынан даярлығы бар кадрлар санының жеткілікті болуын көздейтіні сөзсіз. Осы мақсатта жоғары заң оқу орындары мен техникумдарынан басқалары үшін университеттердің заң факультеттерінде құқық пәндерінің оқытушыларын даярлау, оқу-әдістемелік және нормативтік базамен қамтамасыз ету, оқытудың техникалық және басқа толымды құралдарын енгізу туралы мәселені шешу қажет.

Оқушы жастарды құқықтық оқыту мен тәрбие теориясының проблемаларын терең ғылыми зерделеусіз, жалпы білім беретін, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары мектептерде құқық пәндерін оқытудың теориялық базасы мен әдістемелік жабдықталуын жан-жақты жақсартпайынша орта және жоғары мектепте жалпыға бірдей заң оқуының міндеттерін шешу мүмкін емес. Осыған орай Мемлекет және құқық институтының жанынан оқушы жастарға үздіксіз білім берудің барлық сатыларында құқықтық оқыту мен тәрбие беру проблемаларына ғылыми зерттеулер жүргізуді, жалпыға бірдей құқықтық оқудың мазмұны мен әдістемесін әзірлеуді қамтамасыз ететін Құқық тәрбиесі жөніндегі республикалық орталық құру қажеттігі пісіп жетілді.